

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Басқарма отырысының**

№ 2 ХАТТАМАСЫ

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А үй.

Отырыстың өткізілген жері: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А үй, 2-ші қабат, мәжіліс залы.

Отырыстың өткізілген күні мен уақыты: 16 ақпан 2022 жыл, 15 сағат 00 минут.

Қатысқандар:

1. Каримова Бейбиткуль Сарсемхановна, Басқарма Төрағасы-ректор
2. Уразбаев Нурлан Жеткергенович, Басқарма мүшесі-стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі-академиялық жұмыстар жөніндегі проректор міндетін атқарушы;
3. Базартай Жандос Нұртайұлы, Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор;

Шақырылғандар:

1. Ильясова Самал Мырзамуратовна – құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алулар бөлімінің бастығы;
2. Рабатова Нуржамал Кулахметовна – бас есепші;
3. Жусупова Ләйля Ажибаевна – оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы;
4. Сапарбаева Алмагуль Бимурзаевна – оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің бас әдіскері.
5. Есимсейтова Ляззат Прмашевна – HR қызметінің басшысы;
6. Мулдашев Фархат Каженович – шаруашылық жұмыстар жөніндегі департамент директорының м.а.;
7. Мұхамбетжан Айсұлу Мұхамбетжанқызы – білім беру бағдарламаларын басқару бөлімінің басшысы;
8. Едилбаев Нуржан Баскосканович – Бағдарламалық қамтамасыз ету және қашықтықтан білім беру технологиялар басқарма басшысының орынбасары.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2021 жылға арналған КРІ индикаторларына қол жеткізу (іске асыру) туралы Басқарма Төрағасы-Ректордың және Басқарма мүшелерінің есебі және Басқарма Төрағасы-Ректордың және Басқарма мүшелерінің 2022 жылға арналған КРІ индикаторларын алдын ала қарау туралы.

(Баяндамашылар: Басқарма мүшелері).

2. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-ның Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған ұсынымдарының орындалуы туралы.

(Баяндамашы: А.С.Бекенов – Ішкі аудит қызметінің аудиты).

3. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің №1 жатақханасын әскери кафедраның оқу корпусын жабдықтау үшін қайта жаңарту туралы алдын ала қарау.

(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).

4. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ жылжымалы мүлікті сату бойынша аукциондарды өткізу ережесі туралы.

(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).

5. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-ның Басқарма төрағасы-ректорды іріктеу, тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау тәртібіне алдын ала өзгерістер енгізу туралы.

(Баяндамашы: Л.П.Есимсейтова – HR қызметінің басшысы).

6. Жаппай ашық онлайн курстарын енгізу туралы.

(Баяндамашы: Н.Б.Едилбаев – Бағдарламалық қамтамасыз ету және қашықтықтан білім беру технологиялары басқарма басшысының орынбасары).

7. КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» білім туралы құжаттардың түрлері, оларды толтыру және есепке алу талаптарының Ережесіне өзгерістер енгізу туралы.

(Баяндамашы: Л.А.Жусупова - Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы).

8. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ ПОҚ орындайтын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемін есептеудің уақыт нормасын алдын ала бекіту туралы.

(Баяндамашы: А.М.Мұхамбетжан - Білім беру бағдарламаларын басқару бөлімінің басшысы).